

AQTÓĜAI AJARY

Aqtoĝai aýdandyq qoĝamdyq-saiasi basylym

№6 (7895)

Жұма
3 ақпан
2023 жыл

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz



Жолдау мұраты – ел мүддесі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көтерген «Жаңа Қазақстан» идеясы ауқымды реформалар мен оң өзгерістерге негіз салып, тың мүмкіндіктер мен

жасаған азаматтың еңбегі елеулі болуы қажет, тиісті жалақысын алуы керек және ертеңгі күніне сенімді болуы тиіс.

Кезекті Жолдау халықтың көңілінде жүрген мәселелердің түйінін тарқатты. Көптеген жақсы жаңалықтар айтылды. Енді ұрпағымыз мемлекеттің үлесін ала бастайды. Бұл дегеніміз мемлекеттің халыққа деген бетбұрысын көрсетеді.

білім алуына жұмсалатын болады. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басуына мүмкіндік береді. Қор, шын мәнінде, ұлттық мәртебеге ие болып, халқымыздың игілігіне қызмет етеді. Бастаманы мұқият әзірлеу қажеттігін ескере отырып, жобаны 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосуды тапсырамын», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл халқымыздың



Ардагерлер – ардағым

«Қарты бар ел – қазыналы ел»

«Ауылында қартың болса, жазып қойған хатпен тең» дейді халық даналығы. Қазыналы қарттардың әрбір айтқан өнегелі сөздері, тағылымды іс-әрекеттері, елінің, туған жерінің өсіп-өркендеуіне арнаған өлшеусіз еңбек жолдары, бір сөзбен айтқанда, бүкіл болмысы тұнып тұрған тарих. Қазақ қоғамында ақсақалдар – елдік пен өнегелі өмір тәжірибесінің қайнар көзі. Қарттар қашанда елді береке-бірлікке, ырыс-ынтымаққа жұмылдыра білген. Егемен еліміздің қарыштай дамып, әлем елдері арасынан өзінің орнын белгілеп, дамыған 30 елдің қатарына енуіне кешегі өткен бабаларымыз бен бүгінде елдің ортасында жүрген алдыңғы буын қарияларымыздың еңбектері еселі. Осынау елдің тыныштығы мен тұтастығының, бірлігі мен берекесінің сақталуына ардагерлеріміз өз үлестерін қоса береді деп сенеміз.



30 қаңтар күні аудан әкімі Руслан Кенжебеков аудандық Ардагерлер үйінде аға буын өкілдерімен жүздесіп, алдағы міндеттерді саралады. Ардагерлерге өңіріміздің өсіп-өркендеуіне қосқан елеулі үлестері мен өлшеусіз еңбектері үшін ризашылығын білдіріп, алғысын жеткізді.

– «Қарты бар ел – қазыналы ел» деген осы бір қанатты сөз – халқымыздың қадірлі ұғымының бірі. Жалпы, қанатты қағидалар қағаберісте, жай өншейін айтыла салмайды. Өмірден көрген түйін, тұрмыстан көрген тәжірибе бағалы сөздің салмағын санаға салады. Бүгінгі аудандық Ардагерлер үйінде көне тарихтың көмбесі абыз ақсақалдарымызбен кездесудегі мақсатым – аға буын өкілдерімен жақынырақ танысып, алдыға қойылған жұмыс жоспарларымызмен бөлісіп, ағаларымыздың ой-пікір, ұсыныстарын тыңдау. Жалпы, Ақтоғай ауданы – қасиетті өлке. Бұл ауданның өсіп-өркендеуі қарқынды екенін білемін. Сондықтан, өркенді ауданды басқаруды зор жауапкершілікпен қабылдап, іргелі ауданды дамыту бағытында жұмыстарды өздеріңізбен бірлесе отырып атқаратын боламыз. Бұл істе ардагерлер өркез қолдау білдіреді деген сенімдемін, – деді аудан басшысы Р.Кенжебеков.

Жиында сөз алған аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәкітай Сыздықов аталмыш кеңестің атқарып жатқан жұмыстарын баяндап, аудан әкімінің алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Мұнан соң Ақтоғай ауылының тұрғыны, еңбек ардагері Есентай Жақыпбеков: «Аудандық аурухана білікті жас мамандармен толықса, жерді алып-алып, шөптің бағасын шырқатып отырғандарға шектеу бола ма, аудандық, облыстық газет-журналдарға жазыламыз, алайда уақытылы таратылмайды» деген пікірін жеткізсе, зейнеткер-ардагер Абылай Түсіпбеков аудандағы тоқ мәселесін тілге тиек етті.

Сонымен қатар, жиында қатысқан ардагерлер аудан әкіміне қордаланған мәселелер мен ауданды ілгері дамыту бойынша ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Думан ҚАБЫЛ

Әрбір азаматтың еңбегі елеулі болуы қажет

заманауи үрдістерге жол ашты. Жаңа Қазақстанның жаңару мен жаңғыру жолы ел Президентінің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты кезекті Жолдауында да жан-жақты қамтылып, жарқын болашақ құрудағы жасампаз жоспарларымыз бен кешенді бағдарламалар айқындалды.

Сондай-ақ, Жолдауда Әділетті Қазақстан жайында көбірек айтылды. Өйткені, әділетті елдің жолында әрдайым мықты мемлекет тұратыны анық.

Экономикалық әлеуеті дамыған әділетті елде тұру халыққа ыңғайлы. Сол жағдайды жасау – мемлекеттің басты міндеті. Әрбір жұмыс

«Әрбір отбасы еліміз пайдаланып жатқан ұлттық байлықтың игілігін көруі керек. Сондықтан, мен Балалар жылының аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты мүлде жаңа бағдарламаны жүзеге асыру өте маңызды деп санаймын. Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынамын. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Жинақталған қаржы балалар кәмілет жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе

мемлекетке деген сенімін арттырады. Мемлекетіміздің және қоғамның барлық саласы жаңғыруда. Саяси реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен жүзеге асырылып жатыр. Біздің алдымызда үлкен міндет тұр. Бұл ретте еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтап қалуда ауызбіршілігіміз қажет.

Т.Жармағанбетов,
«Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу ұйымдары және мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» Ақтоғай ауданы қоғамдық бірлестігінің төрағасы.



Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Атқарылар істің төрешісі – халық

«Әкім бол, халқыңа жақын бол!» деген халық даналығын нық ұстанған аудан әкімі Руслан Айтықенұлы ауданымызға әкім болып тағайындалған күннен-ақ, бірден халықпен қарым-қатынастың жақын форматына көшу, ашық және шұғыл әрекет ету мақсатында әкімдік аппаратымен жете танысып алған соң, алғашқы сапарын «Денсаулық – зор байлық» демекші, аудандық аурухана жұмысымен танысудан бастады. Аурухананың бүгінгі жай-күйімен жете танысып, аталған мекеменің техникалық базасын аралап көріп, ем-дом қабылдап жатқан тұрғындармен де тілдесуге уақыт бөліп, хал-ахуал сұрасты. Талай ілкімді істер қолға алынып жатыр, дегенмен де, жасалынған істен алдағы өлі де атқарылар істер бар екендігіне тоқталып, нақты тапсырмалар берді. Ақылдасып,

бірге жасайтын жұмыстарға тез арада жоспар жасап, уақыт оздырмай іске кірісу керектігін баса айтты.

Руслан Кенжебеков өрмен қарай ауданымыздағы төтенше жағдайлар бөлімінің жеке құрамына барып, бөлім жұмысымен танысып, төтенше жағдай кезінде жұмылдыруға дайын техникаларды көріп, қаншалықты төтенше жағдайға дайын екендігіміз туралы сауалдарға жауаптар алды. Биыл қар мөлшері жылдағыдан көп түсуіне орай көктемгі су тасқынына да дайындық жоспарын сала баспыларымен бірлесе жоспарлап шықты. Өрмен қарай өңір басшысы күн тәртібіндегі аудан тұрғындары үшін ең күрделі болып тұрған

(Жалғасы 2-бетте).

көмір мәселесінің жайымен таныспаққа бет алды. Аудан тұрғындарын көмірмен қамтамасыз етіп отырған кәсіпкерлер Әуелбек Қасымбеков – “Кеңасу”, Ерлан Нұрғазин – “Айтуған” көмір базаларында болып, қазіргі таңдағы қордағы көмірдің мөлшері, ол халық сұранысын өтеуге жеткілікті ме, келешекте қаншалықты халықты қатты отынмен қамтамасыз ете алатындықтарын өзара пікірлесіп, ақылдасты. Халыққа жағдай жасап отырған кәсіпкерлердің де жағдайларын біліп, сұраныстарына ден қойды. Алдағы уақытта аудандағы көмір жеткізугі кәсіпкерлермен және



Қарағанды қаласындағы көмір нарығындағы делдалдармен үздіксіз жұмыс жүргізу мақсатында, үшжақты меморандум келісімге отыру жоспарын жасауға шешім қабылдады. Сонымен қатар, ауданымызға көмір жеткізугі кәсіпкерлерге әлеуметтік жауапкершіліктің маңыздылығына баса назар аударып, өздеріндегі баға саясатын қайта қарап, көмір бағасын түсіру бағытында жұмыс жүргізу керектігі осы кездесуде сөз болды. Аудан әкімінің ұсынысынан кейін ауылымыздың атымтайлары «Бірлігі күшті ел озады» демекші, ақылдаса келе, Шұбаркөл көмір бағасын 25 мыңнан 23 мың теңгеге, 21 мың теңге тұратын Кузнецк көмірінің бағасын 20 мың теңгеге түсіріп, үйге дейінгі жалданған машина құнының тасымалдау бағасын да азайтып, тіптен көпбалалы аналар мен 1 топтағы мүмкіндігі шектеулі жан бар үйлерге тегін апаратын шешім қабылдап, мәрттік танытты. «Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйсінуге жарасын ол» деген хәкім Абайдың сөзі осы жерлес кәсіпкерлерімізге арналғандай болып тұр. «Алғыс алған арымас», есесіне халық ақ батасын беруде. Қазіргі таңда ауданда тұрғындарға арналған 300 тоннаға жуық көмір қоры бар. Барлық әлеуметтік нысандар көмірмен толық қамтамасыз етілгендігіне көз жеткізген аймақ басшысы, алдағы уақытта мақсатты жұмыстар тікелей бақылауында болатындығын айтты.



Жоспарлы кестеге сөйкес аудан әкімі Р.Кенжебеков уақыт тауып жекелеген тұрғындармен де екі-үш мәрте кездесіп, халықтың мұң-мұқтажын, тілегін тындады. Қабылдауға келген тұрғындарды толғандыратын баспана, жұмыссыздық, кәсіп ашу, баспана төлқұжаттарын заңдастыру, денсаулық

мәселесіне байланысты өтініштерін тындап, көтерілген мәселелердің тиісті заңдылығына сөйкес қарауды, кезек күттірмейтін шараларды дер уақытында шешуді, маңызды жобаларға қолдау танытатындығын жеткізіп, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Г.Елусізова.

**Қарағанды облысы
бизнес өкілдерінің
назарына!**

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) қазіргі таңда кәсіпкерлік құқығын қорғау жобасын жүзеге асыруда.

Жоба аясында мүдделі тұлғалардың арасынан жұмыс тобы құрылды.

Осыған орай, құқықтарыңыз бұзылған жағдайда, Қарағанды қаласы, Әлиханов көш. 12 үй «ANTIKORORTALYGY» мекен-жайы бойынша немесе телеграммда «БИЗНЕСКЕ ЖОЛ» арнасына <https://t.me/+aqSmWEr9JdlmMWY6> сілтемесі бойынша, сонымен қатар «WhatsApp» Messenger 87058883087 телефоны бойынша жүгіне аласыз.

**Обращение к
бизнес-сообществу
Карагандинской области**

Департаментом Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционная служба) по Карагандинской области в настоящее время реализуется проект по защите прав бизнеса.

В рамках проекта создана рабочая группа из числа заинтересованных сторон.

В этой связи, в случае нарушения Ваших прав Вы можете обратиться в «ANTIKORORTALYGY», расположенный по адресу: г.Караганда, ул.Алиханова, д.12, либо сообщить в телеграмм канал «БИЗНЕСКЕ ЖОЛ» по ссылке <https://t.me/+aqSmWEr9JdlmMWY6>, а также в Messenger «WhatsApp» по телефону 87058883087.



Президент тапсырмасын орындай отырып...

«Әкімдердің жұмысын нақты проблемаларды шешу нәтижелері бойынша бағалайтын боламын». Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әкімдер қызметіне осылай баға беретінін айтты. Мемлекет басшысы өзекті мәселелерді шешу жолында жана міндеттер қойды. Әсіресе, халықпен жақын болып, әлеуметтік желі арқылы олардың сұрақтарына жауап беруді міндеттеді. Яғни, ашықтық пен жариялылықты кенінен насихаттап, жүйелі жұмыс жасауды тапсырды.

Тұрғындар мәселесі назарда

Аудан әкімі Руслан Кенжебеков іссапармен ауданға қарасты Шашубай кентінде болып, Мәдениет үйінде тұрғындармен кездесу өткізіп, халықтың талап-тілектерін тындады. Жиын барысында тұрғындар елді мекеннің инфрақұрылымдық жағдайы, тұрғын үй, жер, жеке үйлердің орталық жылу қазандығына қосылуы, кәсіпкерлік, әлеуметтік мәселелер жөнінде ұсыныс-пікірлерін айтты. Тұрғындар көтерген түйінді түйткілдер атқарушы органның назарында екенін жеткізген аудан басшысы кезең-кезеңімен іске асатынын айтып, бірқатар сала басшыларына тапсырмалар жүктеді.



Іссапар барысында өңір басшысы кенттегі бірқатар әлеуметтік нысандарды аралады. Р.Айтықенұлының алғаш ат басын бұрған нысаны «Шашубай кентіндегі мектеп-бөбекжай кешені» базасындағы Тірек мектебі және «Балдырған» балабақшасы болды. Өңір басшысы білім ошақтарының жай-күйін бағамдап, материалдық-техникалық базасымен танысты. Талапты да талантты шәкірттер тәрбиелеп, аймақ мектептері арасындағы білім бөйгелерінде бөсі жоғары, бірегей білім ордасының тыныс-тіршілігі жайында мектеп директоры Айман Тұқбаева баяндады. Сонымен қатар, А.Тұқбаева



«Балдырған» балабақшасы ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары қажет екенін тілге тиек етті. Жалпы, өңірдегі халық көп шоғырланған іргелі елді мекендегі аталмыш бөбекжайда 2-5 жас аралығында 86 бүлдіршін тәрбиеленіп отыр.

Аудан әкімі кенттегі орталықтандырылған жылу қазандықтарындағы жағдайды бақылап, Ж.Ақбергенов көшесіндегі 100 пәтерлік 5 қабатты үйдің құрылыс жұмыстарының орындалысын тексерді. Күрделі жөндеуден өтіп жатқан ғимараттың барлық талаптарға сай болуы қажеттігін баса айтты.

Мұнан соң аймақ басшысы ауданның балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің филиалында болды. Жас спортшылармен жүздескен аудан әкімі халықтың денсаулығын жақсарту, салауатты өмір салтын қалыптастыру бүгінгі күндегі өзекті мәселенің бірі екенін айтты: «Спорт – денсаулық кепілі» десек, спорттағы жетістіктер – ел мерейін өсіретін, азаматтық намыс пен жігерін шындап, даңқын арттыратын тынымсыз еңбектің жемісі. Мұндай жеңістер қажырлы күшпен келеді», – деді кездесуде Р.Кенжебеков.

Бұдан кейін кенттегі дөрігерлік амбулаторияның жұмысы зерделенді. Емханаға өткен жылы бюджеттен 80 млн. теңге қаржы қаралып, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ауданның бас дөрігері Елдос Джумажановтың ақпарына сүйенсек, дөрігерлік амбулатория ғимаратының іші заман талабына сай жөндеуден өтіп, қажетті құрал-жабдықтармен толықтырылған. Сонымен бірге шатыры, жаңадан желдету жүйесі жасалынып, модульдік жылу қазандығы орнатылған. Сондай-ақ, бұл күні аудан әкімі Балқаш көлінің балық шаруашылығы жұмысын жүргізетін «Абылхайыр» ЖШС директоры Руслан Мурзалиевпен кездесіп, екіжақты меморандумға қол қойды.

Меморандум мақсаты Ақтоғай ауданына қарасты Балқаш көлі жағалауындағы балықшыларды тұрақты жұмысқа орналастыру және әлеуметтік қолдау көрсету болып табылады. Ынтымақтастық шеңберінде аудан әкімдігі тарапынан алдағы уақытта заңнамада белгіленген тәртіп бойынша балықшылардың жұмысқа орналасуына талдау жасаса, аталмыш серіктестік тиісті балықшыларды еңбек шарты бойынша тұрақты жұмысқа қабылдайтыны жөнінде уағдаласты.

Думан Бақышев.

Қазақстан-2050: құқық заңнамасы

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енуіне орай «Әкімшілік рәсімдер туралы» және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының күші жойылды.

Кодекс өз кезегінде әкімшілік рәсімдерді және әкімшілік сот ісін жүргізу бөліктерінен тұрады.

институттар мен қағидаттарының біріне әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылатынын жатқызуға болады.

Жаңа кодекс бойынша азамат мемлекеттік органның шығарған әкімшілік актісімен келіспеген жағдайда талап қоюмен сотқа жүгіне алады. Сот талап қоюшыға талап қоюды дұрыс толтыруға, формальды кателерді түзетуге, істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-

Судья әкімшілік істің нақты және (немесе) заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Сондай-ақ, сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтініш хаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинауға, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындауға құқығы бар.

Сот ісін жүргізудің жаңа нысаны

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақтылы шешу болып табылады.

Нақтырақ айтқанда, Кодекстің негізгі мәні – тұлғалардың әкімшілік органға жүгінуі нәтижесінде қабылданатын әкімшілік акті, оны орындау, заңсыз актіні заңсыз деп тану, жоюмен байланысты әкімшілік органдарының қызметі, сондай-ақ әкімшілік орган және соттың дауларды шешу тәртібі болып табылады.

Кодекстің тағы бір жаңашылдығы, сотта әкімшілік іс қаралғанда дәлелдемелерді жинақтау міндеті жеке азаматқа немесе бизнеске емес, мемлекеттік органға жүктелетін болды.

Кодекс құрамына елімізде алғашқы енгізілген

жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеп, өзінің шығарған шешімінің орындалуын бақылайды.

Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтініш хаттарымен, олар ұсынған дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді.

Жаңа кодексте татуласу рәсімдерін қолдану мүмкіндігі де қарастырылған. Татуласу рәсімдерін қолдануға әсер ететін негізгі шарт жауапкерде әкімшілік қалаудың болуы.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 120, 121-баптарына сәйкес тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында (кезеңінде) сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады.

Жаңа кодекстің тағы бір ерекшелігі, бұл заңнама бойынша талап қоюлар келесідей жіктелген: 1) дау айту туралы талап қою; 2) мәжбүрлеу туралы талап қою; 3) әрекет жасау туралы талап қою; 4) тану туралы талап қою. Дау айтылған (бұзылған) құқықтарды қорғаудың тиімділігі талап қою түрінің дұрыс анықталуына байланысты.

Бұл ретте, сот құқықтық салдарды алдын ала түсіндіре отырып, тарапқа талап қою талаптарын тұжырымдауға және (немесе) өзгертуге жәрдем көрсету құқығымен қамтамасыз етілген.

Осылайша, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс азаматтарға құқықтық кепілдік береді, ал мемлекеттік органдардың қызметінен үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ол өзіндік ерекшеліктерімен Қазақстан үшін сот ісін жүргізудің жаңа нысаны болып табылады.

Ерден Боранбаев,

Ақтоғай аудандық сотының төрағасы.

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Жемқорлық – індет, жою – міндет

Қазір халық «парамен ұсталды» деген ақпаратқа селт етпейтін болды. Жемқорларды құрықтайтын қызметкерлердің өздері кейде парамен ұсталып жатады. Қоғамда бұл кеселмен күрес шараларына сенімсіздік қалыптасқаны рас. Тамырын тереңге таратқан жемқорлықты жою үшін батыл қадамдар қажау деп есептейді жұртшылық.

Иә, жемқорлықпен күрес шаралары жүйелі жалғасып жатыр деп ұрандатқанымен, көлеңкелі қылмысқа жол берушілердің саны азаймай тұр. Соның ішінде, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген азаматтардың қызметтік өкілеттіктерін теріс және заңсыз пайдалану, кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласу, кедергі жасау, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық, жеке және заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беру сынды сыбайлас жемқорлық деректері әлі де ел аумағында белең алып отыр. Мемлекет бюджетін мақсатсыз пайдалану, қызмет бабын жеке бас пайдасына жарату, жұмысқа қабылдау барысында белгілі бір қаражат мөлшерін талап

ету, тексеріс мекемелерінің келуіне орай қаржы жинау секілді сыбайлас жемқорлық тәуекелдері де қазір қоғамда жиі ұшырасып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін жиі еске салады. Оның пікірінше, заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек.

Қазақстан – ТМД елдерінің ішіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы арнайы заң қабылдаған алғашқы мемлекет. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары сияқты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер мемлекетіміздің басқару жүйесін тұншықтырып, өзге маңызды салалардың дамуына нұқсан келтіріп отырғаны рас. Шын мәнінде, адал қызмет атқаратын мемлекеттік органдардың арқасында ғана еліміздің экономикалық дамуы тұрақты болатыны анық. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті өркім өз отбасынан бастау керек. Мемлекеттік қызметшілердің пара алғанына таңданамыз-ау. Кейде өзіміз де ұсақ та болсын жымсысқы әрекеттерге жол

беретініміз жасырын емес. Жол ережесін бұзып, жол патрульдік қызметкері тоқтатса: «Асығып бара жатыр едік» деп ақталамыз. Баламыз жақсы мектепке қабылдану үшін таныс директорларды іздейміз. Ауылдасың немесе руласың үлкен қызметке тағайындалса, «бір көмегі тиер» деп балаша мээ боламыз. Халыққа қызмет көрсету орталығындағы кезектен құтылу үшін айла тапқың келіп тұрады. Осы сияқты ұсақ дүниелер сыбайлас жемқорлыққа апаратын жол болып саналады.

Ел азаматтарының қолдауы мен белсенділігі, ашықтығы мен оперативтілігі айрықша маңызға ие. Анығында, «Жемқорлыққа қарсымыз!» деген ортақ ұран көптің көкейінде көлкіп тұрғанымен, іске келгенде қоғам індетіне қарсы тұру жалқының жұмысы, ардың ісі болып саналады. Сондықтан, қандай да бір сыбайлас жемқорлық көріністеріне куә болған азаматтың әлеуметтік індетке көз жұма қарамауы, белсенді әрекет ете білуі – еліміздің ертеңі үшін жасалған ерен ерлікпен және елеулі еңбекпен парапар.

Л.Рысмағанбетова,
аудандық қазынашылық басқармасының бас маман – бас қазынашысы.

Тәуелсіз еліміздің экономикасының дамуына кедергі келтіретін, қоғам дертіне айналған мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты аландататыны анық.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ҮШІН ҚАУІПТІ ДЕРТ

бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру, инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

К.Кадирова,
ҚР АШМ АӨК МИК Ақтоғай ААИ өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.



Синонимдер – стильдік ерекшеліктеріне байланысты жаңа сөз тудыруда, ойды құлпырта жеткізуде һәм шығарма тілін айшықтауда аса маңызды тілдік құрал. Осындай күрделі сөз саласын жүйелі зерттеу,

8 наурызда Ақтоғай ауданының Қараменде би ауылында дүниеге келген. Қара қылды қақ жарып, әділдігімен, айтқыштығымен аңызға айналған Қараменде бидің сөздерін жастайынан жаттап, бойына сіңіріп

Синонимнің атасы

күрмеуін тарқатып, сөздік етіп жинақтау қиынның қиыны. Әсет Болғанбайұлы синонимдерге өмірін арнаған. Көзкөргендердің айтуынша, өте қарапайым әрі адамгершілігі жоғары болған. Артық дүние жинамай, өмірінің соңына дейін қазақ тілінің сан қыры мен көп мағынасына тамсанып, таңқалып өтіпті. Туған тіліне, еліне, ғылымға деген шексіз іңкәрлік бұл.

Синонимдердің зерттелуі құрылымдық лингвистика ережесіне сөйкес, синонимдердің сөз табына қатысына байланысты зерттеулерден басталған. Алғаш Әсет Болғанбайұлы зат есім синонимдерін зерттеп, 1965 жылы кандидаттық диссертация қорғайды. Осы бағыт әрі қарай жалғасып, етістік синонимдер (М.Серғалиев, А.Османова), сын есім синонимдер (Ф.Оразбаева), фразеологизмдер синонимиясын (Г.Смағұлова) арнайы зерттеген. Яғни, барлығына кейіпкеріміздің зерттеуінен кейін жол ашылған. Көшеде қазақша сөйлесең кінәлі болатын заманда, ұлттық тілдің қолданысы мен мәртебесі құлдырай бастаған кеңестік кезеңде тіліміздің «нәрін» зерттеп, қазақтың сөздік қорының байлығын дәлелдейтін қазақ тіліндегі сөздің көркемдігін танытатын мағыналас сөздерді жинап, «Синонимдер сөздігін» жасау – ерлікке тең.

Ғылыми-шығармашылық еңбек жолына назар салсақ, үнемі қазақ сөзінің мән-мағынасын ашып, сөздікке тіркеп, болашаққа төл сөздің құндылығын мұра егуді көздегенін аңғарамыз.

Қазақ тіл білімінің лексикография саласын қалыптастырып, дамытуы сөзімізге дәлел. «Абай тілі сөздігі» (1968), он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (1974-1984 ж.ж.) еңбектеріндегі ғалымның белсенді автор және құрастырушы ретінде қосқан өзіндік үлесі бар. Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі, филология ғылымдарының докторы, профессор Әсет Болғанбайұлы 1928 жылдың

өскені белгілі. Сөздің қадірін елден ерек сезіне алатын өңірде тууы да болашақ ғалымның өмір жолын аңғартқандай.

Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетін үздік бітіріп, 1952 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл білімі институтына жұмысқа орналасады. Онда әуелі аспирант, кейін кіші, аға, жетекші, бас ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарып, өмірінің соңына дейін, 47 жылдан астам осы институтта еңбек еткен. Бір орында ұзақ жыл еңбек етіп, өмірін бір салаға арнауынан-ақ оның тұрақтылығын, арман-мақсатының айқындығын аңғарамыз.

– 1996 жылы Қарағандыға келіп, бір ай бойы мемлекеттік комиссия төрағасы болды. Мен хатшысы болдым. Өте мәдениетті әрі салмақты кісі. Артық өңгімесі жоқ. Өз ісін өте шебер меңгерген. Көзі ойлы, орта бойлы. Зейіні бөлек, жады өте мықты. Ол кісінің жасаған синонимдер сөздігін әлі пайдаланамыз. Синоним туралы өңгіме қозғалса, алдымен Әсет Болғанбайұлының есімі аталады. Қазақтың сөздік қорының мол екенін үнемі айтатын. Принципілдігі де бар, бірақ әділдікті жаны сүйеді. Студенттерді емтихан кезінде қолдап, батасын беріп отыратын. Бекітілген көлікті аса қажетті қызметкерлерге беріп, өзі жаяу барып келетін жұмысқа. Серуендегенді жаны сүйетін еді. Бір күні «Мөңгілік алау» аллеясында жолықтық. Сонда Олжас Сүлейменовтің қазақ тіл біліміне қосқан сүбелі үлесін таңқала айтқаны әлі есімде. Алматыға ғылыми жұмыспен барғанда да көп қолдау көрсетті. Өмірдің мән-мағынасын ғылымнан, көп мағыналы сөздерден тапқан әстет жан еді. Орыспаға да жеттік. Біз жүрген жерімізде ол кісінің еңбегін айтқыш жүреміз. «Тіл біліміндегі ірі тұлғалар» жинағына енгіздік. Осы адал еңбегі бағаланып, Мемлекеттік сыйлық берілген. Болғанбайұлының

«Ақтоғай» дегенді тілімізге алдымен Әлімхан, Әлімхан, Жақып сынды Алаш арыстары оралады. Ал, осы киелі топырақта Әсет Болғанбайұлындай сұңғыла ғалымның дүниеге келгенін бірі білсе, бірі білмейді. Ахмет Байтұрсынұов негізін қалаған қазақ тіл білімі сан тараулы әрі сан-салалы. Қазақ – табиғатынан сөздің киесін түсініп, астарын ұққан халық. Сондықтан да, қазақ тілінде бір мағыналы сөздің көптеген атауы бар. Биыл туғанына 95 жыл толып отырған Әсет Болғанбайұлы саналы ғұмырын осы тіл білімі саласына, оның ішінде, синонимдерді зерттеуге арнаған біртуар ғалым. Оның монографиялары мен кітаптары, жасаған сөздіктері бүгінде елдің, әсіресе, осы бағытта білім алатын жастардың арқа сүйейтін сенімді серігіне айналған. Шынында, қазір қолданып жүрген синоним сөздер Әсет Болғанбайұлының зерттеп, жинақтауымен бізге жетіп отыр...

Қала аумағында таралған арамшөптер және олармен күресу жолдары

ҚЫЗҒЫЛТ УКЕКІРЕ (ЖАТАҒАН) – *Acroptilon repens* D.C. –

көпжылдық, атпа-тамырлы, шөп күрделі гүлдер туысына жатады. Қуатты тамыр жүйесі топырақта 10 м тереңдікке жетеді. Оның ерекшеліктері, ол – қордағы қоректік зат – инулинді тамырдың топырақтағы төменгі қабатына жинақтауы және қоректік заттарын (инулинді) топырақ баптаушы техникамен егіндікті өңдегенде тамырының кесілген жерінен жылдам жеткізуі арқылы өсіп жер бетіне шығуы фотосинтез құбылысы арқылы тамырлануы. Сондықтан, көптеген агротехникалық өдістерге төзімді болады, қайтадан өсіп жетіледі. Таралуы – негізінен тамыр бөлшектері және тұқым арқылы. Тұқым арқылы жаңа аудандарға тарайды. Зияндылығы – олардың дақылға аллелопатиялық әсері, тамыр жүйесі мен кекіренің тұқымы бөліп шығарған зиянды заттары – бидай, арпа, бұршақ тұқымдарының өсу энергиясын төмендетіп, дақылдың өсіп жетілуін бәсеңдетеді. Кекіре көптеген жануарларға зиянды, әсіресе жылқы малына, ал қой, ешкіге зиянсыз, көпшілік шөпшен араласқан кекіре малдардың улануына әсер етеді. Кекіренің бидаймен араласқан тұқымдарынан алынған ұнда ащы дәм болады, нан пісіруге қолдануға болмайды. Күресу шаралары – агротехникалық, биологиялық және химиялық өдістер кіреді. Химиялық жолмен күрескенде Ураган 48% с.е., Ланс в.р., Пилараунд в.р. және де т.б. Қазақстан Республикасының аумағында рұқсат етілген гербицидтермен шанақтану мен гүлдену кезеңдерінде өңдеуге болады.

АРАМСОЯУ (шөптесін өсімдіктерде тоғышарлық етуші) – *Cusuta sp.sp.* – шырмауықтар тұқымдасына жататын бір не екі жылдық шөптесін өсімдіктер туысы. Хлорофилі жоқ, паразитті түрде тіршілік етеді. Арамсоюлар – тоғышарлық арамшөп. Олардың не тамыры, не жапырақтары болмайды және жіп тәрізді немесе бау тәрізді сабақ. Гүлденген кезде сабақты тығыз гүл басып кетеді. Олар шақшақгүл немесе тығыз шоқпарбас гүл шоғырын түзеді. Зияндылығы мәдени дақылдардағы зат алмасуды бұзады. Арамсою түтікше тамырлары арқылы мәдени дақылдарға жабысып, ондағы органикалық, органикалық емес заттарды сорып алып, дақылды әлсіретеді, біртіндеп дақыл өсуін тоқтатып, қурайды. Күресу шаралары – агротехникалық, яғни ауыспалы егісті дұрыс қолдану, химиялық-бетанал прогресс, пивот 10% в.к., ураган 48% с.е., базагран 48% с.у. препараттарын қолдануға болады.

К.Кадирова,

ҚР АПМ АӨК МИК Ақтоғай ААИ» ММ-нің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Жәлел ШАЛҚАР. «Орталық Қазақстан» газетінің алынды.

Қожа Ахмет Яссауидың туғанына – 930 жыл

Қожа Ахмет Яссауи (1093-1166) – қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, сопылық поэзияның негізін салушы, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер.

Өз аты Ахмет, есімінің алдындағы «қожа» мұсылман дінін таратып, уағыздаушылық қызметіне орай берілген атау, ал соңындағы «Яссауи» ақынның қай жерден шыққандығын көрсетеді. Бірақ, нақтылық үшін айтсақ, Йасы қаласы оның туған жері емес, жастайынан жетім қалып, ағайын-туыстарының қолына келіп, бала кезінен өскен жері. Ақынның туған жері қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданы. Әжесі Ибрахим мұсылманша

орай, туындының түпнұсқасы біздің заманымызға жетпеген. Бізге жеткені XV-XVI ғасырлардағы көшірмесі ғана. Ондай нұсқалары өте көп. Олардың көбі Ыстамбұл, Қоқан, Ташкент, Мәскеу, Алматыда сақталған. Бұл шығарма алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шықты. Содан кейін ол Ыстамбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше қайыра басылды. Соның бірі 1901 жылы Қазанда Тыныштықұлының қазақтарға арнап шығарған нұсқасы болатын. Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармада ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейінгі өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұқара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың,



қоғамдық-әлеуметтік санаға сіңіруде көп еңбек етті.

«Диуани Хикметтен» қазақ халқының ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады. Түркістан қаласында жерленген Қожа Ахмет Яссауи өзіреті сұлтан аталып, басына XIV ғасырдың аяғында атақты Ақсақ Темір күмбез орнаттырды. Бұл жайында жергілікті халықта мынадай аңыз бар: «Қожа Ахмет Яссауи мазарын тұрғыза бастағанда қара дауыл қабырғаларын ұшырып өкетеді. Осыдан кейін Ақсақ Темірдің түсіне Қызыр өніп, ең алдымен Ахметтің ұстазы Арыстанбаба мазар тұрғызу жөнінде аян беріпті. Темір Қызырдың айтқанын екі етпей орындап, содан кейін барып қана өзі ойлаған жұмысына кіріскен екен».

Қожа Ахмет Яссауиге төу етүшілер алдымен Арыстанбабтың басына барып түнейді. 1978 жылы қыркүйекте Қожа Ахмет Яссауи республикалық мұражайы ашылды. 1989 жылы тамыздың 28-інде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» ұйымдастырылды. Түркия елімен арадағы келісім бойынша жүргізілген ғимаратты қалпына келтіру жұмыстары 2000 жылы аяқталды. 2003 жылы маусымда Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 27-ші сессиясында Қожа Ахмет Яссауи кесенесі дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді. Мазарда отызға жуық мешіт, кітапхана, залдар бар.

(Мақала әдебиет порталынан алынды).

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ

сауаты бар, сөз қадірін білетін, білікті адам болған. Бала Ахметтің басты ұстазы, тәрбиешісі аталас туысы болып келетін Арыстанбаб болды. Ол өмірден қайтқаннан кейін Ахмет 17 жасында Йасы қаласына келеді. Дәл осы кезден бастап араб, шағатай, парсы, түркі тілдерінде өлеңдер жаза бастайды. Шығыс поэзиясы мен әдебиетіне ден қойды. Кейін Бұхара қаласында Жүсіп Хамаданидің діни медресесінде оқыды. Оны төмамдаған соң сопылық жолдың біраз ащы-тұщысын татып, көптеген қалаларды аралап, туған шаһары Түркістанға қайтып оралады да, Арыстанбаб қалап кеткен дәстүрді жалғастырды. Осында ол ислам дүниесі кең таныған кемеңгерге айналды. Ал, 63 жасынан бастап қалған өмірін жер астында, яғни қыбуетте өткізді. Мұны Ахмет: «Пайғамбар жасына жеттім. Маған одан артықтың қажеті жоқ», - деп түсіндіреді. Қанша жыл ғұмыр кешкені жөнінде әртүрлі деректер бар. Бір деректе 73 жыл, келесілерінде 85 жас деп берілген. Ж.Аймауытов ақынның 149-шы хикметіне сүйеніп, Яссауиды 125 жас жасаған дейді.

Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы - «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы) қыпшақ диалектілерімен көне түркі тілінде жазылған. Өкінішке

бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді.

Қожа Ахмет Яссауи түркі тілінде жатық өрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Оның жазба әдебиет үлгісіндегі шығармалары түркі топырағында ертеден қалыптасқан суырыпсалмалық дәстүрдегі әдебиетке жаңа серпін, тың мазмұн алып келумен қатар, оны түр жағынан көркейтпін, кемелдендіре түсті. Фольклор мен жазба әдебиеттің өзара жақындасуының, толысып, көркеюінің дәнекері бола отырып, Шығыс әдебиетінде ертеден қалыптасқан, Құран Кәрімде баяндалатын тарихи аңыздар мен пайғамбарлар, өулие-әнбиелер жөніндегі әпсаналарды хикметтерінде ұтымды пайдаланды.

Оның жолын ұстанған шәкірттері мен сопылықты уағыздаушылар түркістандық ғұламаны күллі әлемге танытты. Қожа Ахмет Яссауи түркі халықтарының жаңа исламдық өркениеттегі халықтық ағымының арнасын анықтап берді. Ол жаңа діни идеологияны төңірлік шамандықпен, зорастризммен біріктіре отырып,

Қазақстан-2050: гендерлік саясат

Тоқыма тоқу – ерекше өнер

Мен «Жақып Ақбай атындағы негізгі орта мектебі» КММ-сінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасаймын. Жұмыстан тыс, бос уақытымда іс тігу, құрақ құрау, тоқыма тоқумен айналысамын. Бұл – бала күнімен бергі сүйікті ісім өрі хоббиім десем де артық айтқаным емес. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген сөз тегін айтылмаса керек. Тоқыма тоқу, іс тігу, ою ойып, құрақ құрау – маған ананың ақ сүтімен дарыған өнер. Анам Төлеуғазы Садуова он саусағынан өнер тамған, мінезі біртоға жан. Әкеміз екеуі бізді қатарымыздан қалдырмай, оқытып-тоқытты. «Ұлды ұяға, қызды қияға» қондырып, баршамызды аяқтандырды. Ол уақытта қыз жасауының денін өз қолымен тіккенін көзімізбен көргенбіз. Осы тұста айта кету керек, анамның 34 жыл бұрын оюлап, кестелеп, құрап, қойдың жүнімен бидайылап берген көрпелерін күні бүгінге дейін қолданып келемін. Әлі де болса өңін берген жоқ.

Алланың жазуы болар, келін болып түскен жерімдегі екінші анам да құр алақан емес еді. Киіз басу, ши тоқу секілді бүгінде ұмыт болып бара жатқан өнерді және ұлттық тағамдарды әзірлеуді марқұм Шәкен Шекейбекова анамнан үйрендім. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны



ілесің» дегендей, мен де ақылшы болған аналарымнан көргенімді жасап, қолыма ілмек алып, тоқыма тоқуға бет бұрдым. Ата кәсіптің бұл түрі жүйке жүйесі мен ми жұмысын жақсартуға септігін тигізеді. Себебі, тоқыма тоқу барысында бар ойың осы жұмысыңды сапалы

жасау болғандықтан, басқа ойдан толық арылып, шығармашылық қабілетке ден қоясың. Екіншіден, көз майынды тауысып, кей сәтте тіпті түн ұйқыңды бөліп, жасаған бұйымың көптің көңілінен шығып жатса, ол да сен үшін ғажап емес пе?! Сатып алушылардың кейін тағы да тапсырыс беріп жататындары да бар. Ол мен үшін бақыт. Бағалаған жандарға алғысым шексіз. Өз қолыңмен жасаған дүние өзің үшін қашанда жоғары бағаланады. Қазіргі таңда үйге киетін аяқкиімдер тоқып жатырмын. Меніңше, әр адам уақытын пайдалы іске жұмсағаны жөн. Алдағы уақытта жастарды осы өнерге баулитын үйірме ашу жоспарда бар.

Мектепте мұғалім болғандықтан, елімізде шығатын мерзімді басылымдарды тұрақты жаздырып, алып тұрамыз. Соның ішінде «Ақтоғай ажары» газетінің орны бөлек. Менің бұдан бұрын да бірнеше мақалаларым жарық көрген. Аудандық газетімізден тек білім саласын ғана емес, басқа да тақырыптарды сүйіп оқимыз.

Жаңа Қазақстанға сүбелі үлесімізбен адал еңбек етейік! Біз біргеміз!

Н.Мұнайпасова,
Қарамөңде би ауылдық округі.

Тарих тағылымы

Адамзат ұрпағы пайда болғалы «Туған ел, туған жер» деген ұғым ғасырлар қатпарынан көктей өтіп қасиетті, киелі ұғымға айналған. Туған жер топырағы – қашан да адамзат үшін киелі мекен. Осы орайда Сарыарқа жерінің беліне орналасқан «Алтын бесік – Ақтоғай» атанған, оның территориясында Қызыларай мен Бегазы таулары бір-бірімен қанаттасып, сарқырай аққан Тоқырауын өзені

заманнан мал бағып, егін егіп, күндерін көрген. Тоқырауын өзенінің екі қабағындағы қара топырақты қолайлы жерлерді іріктеп алуға, өнім беретін егістік жерді таңдау өзен суының ағысынан бөгет жасап, тоған-арық арқылы егілген егінге жеткізудегі күрделі жұмыстардың мәнісін, ынғайын, жер жайын жақсы білетін адам керек болды. Бұл саланы Шалғынбайдан артық жақын білетін

ғылымды тәжірибемен ұштастырып, дәнді егу арқылы Бес бас ақ бидайды өмірге әкелген екен. Тоқырауынның «Бес бас ақ бидайы» деп аталып, агрономия саласындағы осы жетістіктері үшін тұрғылықты халық Байжасаров Омашқа «Бес бас ақбидайдың атасы» деген атақ берген. Ақ бидайдың дәнін «Саратов-29» сортымен салыстырғанда бұл сорттың масағында 20-30 дәннен болса, Бес бас ақ

Өткеннің өшпес өрнегіндей болған...

(Ақтоғайдың ақ бидайы мен Тоқырауын өзені)

табиғат берген ерекше сән-салтанат емес пе?!
Осы Тоқырауын өзенінің бойын қуалай орналасқан халықтың арасында көптеген дарынды тұлғалармен қатар еңбеккер, тәжірибелі диканшы, малшылар болған екен. Осы мақала Тоқырауын өзенін жағалай отырған халықтың арасынан шыққан диканшы, малшы және қолөнер шеберлері, Отанын жаудан қорғап, ел-жұрты үшін қажыр-қайратымен еңбек жасап, ел есінде сақталған жандар жөнінде болмақ. Сондай жандардың бірі – диканшы, қолөнер шебері, өрімші Сейтен Жамантайұлы жөнінде болмақ.
Мың тоғыз жүз он үшінші жылы аға сұлтан Барак өрнектеп өрілген қамшыны Романовтар патшалығының 300 жылдық тойына сыйға тартпақ болып, бүкіл қазақ даласына «сауын» айтады. Көптеген шеберлердің өрген өрімдері ойдан шықпай, тек қана Тоқырауын өзені бойында мал шаруашылығы және егіншілікпен айналысқан руы Тобықты-Бораншы атасынан Сейтен Жамантайұлының 12 таспадан 12 қырлы етіп өрнектеп өрген қамшысы Барак сұлтанға ұнап, патшалықтың тойына сый ретінде тарту етеді. Сейтеннің 12 таспадан 12 қырлы етіп өрнектеп өрген қамшысы Ленинградтың Эрмитажында тұрғанын көрген екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, шопан Жазылбек Қуанышбаев Д.А.Қонаевқа айтқан екен. Сонымен қатар, Ж.Қуанышбаев осы сапарында Эрмитаждан алған Ағыбай батырдың суретін Д.А.Қонаевқа алғаш рет сыйға тартқан адам. Сейтен Жамантайұлы Тоқырауын өзені бойында егіншілікпен айналысқан. Тоқырауыннан тоған тартып, суды қалың Ши алқабынан жазық қырға, егістік алқапқа шығарған. Су жүретін тоғандардың жолдарын анықтау үшін Сейтен жерге шалқасынан жатып, тоған жолдарын қазіргі тілмен айтқанда, «гөдезиялық» көз мөлшері әдісімен белгілейтін болған. Егіншілікпен шұғылданған көршілес отырған көптеген ауылдастары Сейтенді құрметпен ауылдарына алдыртып, ақыл-кеңес алып, тоғандарының жолдарын анықтап, егіншілікпен шұғылдануларына мүмкіндік жасаған. Тоған арқылы Тоқырауын өзенінің суын егістік алқаптарға бидай, арпа, тары еккен екен. Егіншілікпен шұғылданған диканшылардың жиналған астығын ұнға айналдыру үшін Сейтен шебер Тоқырауын өзенінің бастауынан су диірменін орнатқан. Ел-жұрт жыл сайын жинаған астықтарын осы су диірменіне тартқызып, ұн жасаған. Сонымен, Сейтен Жамантайұлы халық арасынан шыққан өте шебер адам болған. Мың тоғыз жүз отызыншы жылдары большевиктер Сейтен ақсақалды «сән кулаксын, сән байсын» деп диірменін қиратып, істен шығарған. Айрандай ұйып отырған ел-жұрттың Қызыл империя ойрандарын шығарып, тоз-тоз ғып нәубетке ұшыратқан. Қаншама халық ашаршылыққа ұшырап, тағдырлары төлекке айналды. Сейтен ақсақал ел-жұртына көрсетілген өзбырлыққа шыдай алмай, 1930 жылы дүниеден озған. Артында Ақтоғай, Балқаш өңірінде тұратын ұрпақтары бар. Ақтоғай – қойнауы мыңғырған мад тарихы терең бай өлке. Алғаш Қотана-Балқаш, Тоқырауын, Қоңырат ауданы болып аталған. Бұл өңір жартылай шөлейт аймақтарға жатады. Қысы қатты, жазы ыстық болғандықтан, тұрғылықты халық суармалы егін еккен. Қайдауыл-Шеруке, Қызылтас, Қызыларай, Бегазы, Жіңішке, Желтау және басқа да таулы жерлерден ағатын су ағыны және кішігірім өзендердің су ағыстары қосылып, Тоқырауын өзеніне құяды. Сол сияқты Қусақ өзені Қарқаралының оңтүстік-шығысындағы Темірші, Көкшетау таулары беткейлеріндегі бұлақтардан бастау алып, Қарабұлақ тұсындағы Кіндікті жерінен Тоқырауын өзеніне құяды, ал Тоқырауын өзені Қарабұлақтан екі жүз шақырымдай қашықтықтағы Балқаш көліне құяды. Ақтоғай өңіріне орналасқан байырғы тұрғылықты халықтар Тоқырауын өзенінің суын пайдаланып, ерте

ешкім болмаған. Ерте кезден егін салумен шұғылданған әкесі Қойшыбай сол өңірдегі тұрғындарды диканшылыққа үйретіп, жер ырысын игеруге баулыған. Егістік жерге Тоқырауын суын жеткізетін тоғандар қаздырады. Соның бірі «Қойшыбай» тоғаны атанған. Оны 1950 жылға дейін «Ақтұмсық» колхозы пайдаланады. Өзен суын пайдаланып, «су диірмен» жүргізіп, халыққа нан жеткізген адам. Әкесі Қойшыбайдың халық үшін жасаған ұлағатты ісін баласы Шиманбай жалғастырады. Кеңес үкіметі орнаған дәуірде аудандағы колхозға біріккен шаруалықтар өзен суын бөгеу, оны тоғандар арқылы егістік жерге жеткізу жұмыстары жайында Шиманбайдан ақыл-кеңес алған. Бір мың тоғыз жүз отыз екінші жылы қазақ даласын аштық жайлағаны белгілі. Міне, осындай қасіретті жылдарда Шиманбай Ақбидайдың Ақ бикеш-қожа бидай аталатын тұқымынан екі пұттай дәнді сақтап қалыпты. Көнігі диканшы атақты ақ бидайдың тұқымы жоғалып кетпеуін сол қиын кездерде ойлап, кейінге жеткізген адам. Артында елдің хал-жағдайы жақсарып, ес жиған, яғни 1934 жылдардың жазында өзінің тайпақ соқасымен жер жырттып, әлгі сақтаған тұқымын сәуіп, өзі ерекше күтімге алып баптады. Сол жылдың күзінде еңбегінің өтеуіндей ақ бидайдан мол өнім жиналды және осы ақ жинаған өнімін беталды таратып жібермей, Қазақстанда жоқ осы ақ бидайдың өнімін колхоз басқармасына аудандық, облыстық және жоғарғы орындарға дейін дәріптеп айтып, насихаттайды.
Аз жылдың ішінде аудан колхоздары 100 гектарға дейін ақ бидай-қожа бидай өнімдерін егіп, өңірдің астық қорын молайтады. 1947 жылы аудан басшылары ақ бидай тұқымын ауданның 7 колхозының егіс даласына егуді ұйғарады. Сонымен, ақ бидайдың Отаны атанған «Ақтұмсық» колхозы болатын. Қазақтың егіншілік тарихында ерекше орын алған осы ақ бидайды өзі егіп, іс-тәжірибеде қолданып, игілігін халқына көрсетіп, кейінгі ұрпаққа жеткізген Шиманбай болып есептеледі. Шиманбай қарт 96 жасқа келіп, 1945 жылы дүниеден өткен. Атадан балаға мирас болған істі кейінде баласы Шиманбайұлы Оспанғалы жалғастырады. Оспанғалы еңбек жолын егіншілікпен бастаған. Келе-келе егіс бригадирі болған. Бір мың тоғыз жүз қырық бірінші жылы Ұлы Отан соғысына қатысып, 1943 жылы оң қолынан ауыр жараланып, елге оралған. Егіншілік жұмысын соғыстан кейін жалғастырып, ақ бидайдың атақ-даңқы елімізден асып, сыртқа мәлім болуы үшін бірталай үлесін қосқан. Ал соғыстан соң Оспанғалымен бірге ақ бидайдың тұқымын жақсартып, түсімін молайтып, оның өнімділігін арттыру арқылы есімін әйгілеген ауданымыздың тағы бір тарихтан ұмытпайтын азаматы – Байжасаров Омаш.
Байжасаров Омаш Семей облысында жер бөлімінің бас агрономы болып жүргенде 1937 жылдың нәубетіне ілігіп, «халық жауы» атанып, 10 жылға сотталған. Сібірде жазалау мерзімін өтеген соң, елге қайтарында Қазақ ССР жер жөніндегі халық комиссариатына барып, жолдамамен Ақтоғай ауданының жер бөліміне бас агроном болып, жұмыс атқаруға жіберіледі. 1946 жылдың тамыз айында «Ақтұмсық» колхозында егіс бригадирі болып жүрген Шиманбаев Оспанғалының шақыруымен жайқалып өсіп тұрған егіс алқабын көруге келеді. Байжасаров Омашқа Оспанғалы өсіп тұрған ақ бидайды көрсетеді. Оспанғалы өзі әлгі ақ бидайдың бір сабағының басындағы дәннің екі-үшеуінің бір-біріне жабысып өсіп тұрғанын байқап жүрген екен. Осы көріністі Омаш Байжасаровқа көрсетеді. Ғажайып құбылыс агроном Омашты таңқалдырады. Сонымен, Омаш агроном ретінде өсіп тұрған ақ бидайдың дәндерін жинап алып, келесі жылы құнарлы, шұрайлы жерге егіп, тәжірибе жасап көрген екен. Сөйтіп, жоғары білімді агроном Омаш Байжасаров ақбас бидайдың жаңа сортын үш-төрт жылда Тоқырауын өзенінің бойына

бидайда 120-ға дейін дән болған. «Саратов-29» сорты гектарына 10-15 центнерден өнім берсе, бес бас ақбидайдан 80-90 центнерден өнім берген.
Бес бас ақбидай Тоқырауын өзенінің бойындағы Ақтұмсық, Қарақұла, Сарытерек елді мекендерінде суармалы егістік алқаптарында өсірілген. Алынған өнім ақ бидайдың өнімін көбейту үшін жеті колхозға берілген. Тоқырауын өзенінің жоғарғы сағасындағы Киров, Сәуле, Қуаныш, Мәдениет, Қусақ өңіріндегі колхоздарында егілген. Қазақтың көрнекті ғалымдары Қ.Мыңбаев, Қ.Бабевтер зерттеулер жүргізгенде ақ бидайдың дәні ірі, түсі ақшыл сары, 1000 (мың) дәннің салмағы 55-60 гр тартқанын көздерімен көрген.
Ғалымдардың айтуына қарағанда, ақ бидайдың тұқымы тек қана Тоқырауын өңірінің топырағына тиесілі көрінеді. Елдің тоқшылығы дастархандағы ақ таба нан «Нан болса, ән де болады» деген сөз осындайdan айтылған болар. Ақ бидайдың шежіресін, қадір-қасиетін құнарлығын білетін, әңгімелеп айта алатын үлкендердің көзі азайды, ондай адамдар жоқ десе де болады. Дей тұрғанмен, Ақтоғай өңірінде басқа да елді мекендерде, қалаларда ақ бидайдың тарихын білетін көнекөз қариялар ақ бидай туралы әңгімелерін жарияласа, дұрыс болар еді. Өкінішке орай, құнарлы топырақта өсіп-өнген ақ бидайдың тұқымы өткен ғасырда мүлде жоғалып біткен. Алайда, бейресми деректерде бес бас ақ бидайдың масағы 1956 жылы Ленинградтың Эрмитажында қойылған деп айтылады. Тоқырауын өзенінің жағасындағы Ақтұмсықтан Желтауға қарай шығар жазығына су тартқан ірі тоғандардың сілемі қазірге дейін жатыр. Ірі тоғандарды сол уақыптағы егінші-диканшылар қолмен қазып, көктемде тоғанды аршып, судың бөгетсіз жүруін қамтамасыз еткен. Осы орайда қырда мал бағып отырған Қусақ өңіріндегі халықтар Тоқырауын өзенінің Желтау жағайындағы жағасына көктем шыға, қар суымен көшіп келіп, тоған аршып, өзен суын қырға шығарып, егін еккен. Сонымен қатар, тоғанбасы болған Әтембек ертеден егіншілікпен шұғылданған, диканшы болған адам екен. Тоқырауын ақ бидайының тұқымын егістікке егіп, қарапайым халықты асыраған адам. Сондықтан, осы кісінің атымен «Әтембек» тоғаны деп аталған. Кейіннен баласы Ақтыбай әке жолын жалғастырып, егіншілікпен шұғылданып, тоғанбасы болған екен. Егістік алқапты Тоқырауын өзенінің тұщы суымен суарып, күтіп-баптап, ақ бидайдан жақсы өнім алуға қол жеткізген. Осылайша халық болып ұжымшарларға бірігіп, егін егіп, мал бағып, оның өнімділігін арттырып, еңбек жасап жатқан кезеңде 1941 жылы соғыс өрті басталып, жер-жерден ер-азаматтар Отанын жаудан қорғауға аттанып жатты. Осы орайда, Қусақ өңірінде Отанын жаудан қорғауға 124 ер-азамат аттанған екен. Солардың бірі – Игілікұлы Кемал соғыс басталысымен 1941 жылы ауылдан алғашқы соғысқа аттанғандардың бірі болған. Соғыстың алғашқы кезеңінен бастап алғы шепте болып, 1943 жылы Курск доғасындағы қиян-кескі ұрыста ауыр жараланып, жеті ай әскери госпитальда емделіп, комиссияның шешімімен еліне қайтарылады. 1944 жылдан бастап «Таң» колхозына мүше болып, егіншілікпен шұғылданып, Тоқырауын өзенінің бойындағы «Әтембек» тоғанында тоғанбасы, егіс бригадирі болып, үлкен жауапкершілікпен еңбек еткен. Сонымен қатар, Алмағанбетов Беккамбет, Орынбекұлы Мырзағұл Байғабатов Алтынбек, Хасенов Інкәрбай, т.б. көптеген ер-азаматтар диканшы болып еңбек жасаған. Есілбаев Табылды, Қасымбеков Серік, Мұхамбетжанов

Өмірбек Ерменбет,
зейнеткер,
Балқаш қаласы.
(Жалғасы бар).

Тіл тағдыры – ұлт ғұмыры

Тіліміздің мәртебесін көтерейік!

Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары ел алдынан шыққан күрмеуі қиын көптеген мәселелердің ең бастысы қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру еді. Осы жолда тіліміз қаншама тар жол тайғақ кешуден өтіп, еліміз деген азаматтарымыздың қажыр-қайратының арқасында ғана өз тұғырына орнықты.

Мемлекеттік тілді насихаттау, ақпараттық қолдау көрсету, бұқаралық ақпарат құралдарында тілдік ортаны қалыптастыру – аса маңызды бағыттардың бірі. Тіл туралы жасалып отырған бағдарламалардың маңыздылығына, сапасына, сондай-ақ, тіл мәдениетін жетілдіру жағына, қазақтың өдеби тілінің нормаларының қатаң сақталуына басты назар аударылу керек. Атқарылып жатқан шаралар тілдік ортаны қалыптастыруға, еліміздің тіл саясатының, оның ішінде мемлекеттік тілді ұдайы насихаттау мен мәртебесін арттыруға, азаматтарымыздың оны оқып-үйренуі үшін жағдай жасауға, жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып, тіл мәдениетін және патриотизмді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жалпы, мемлекеттік тілдің дамуы барлық мемлекеттік органдарға, мемлекеттік емес мекемелер мен ұйымдарға, қоғамдық қатынас салаларына да қатысты. Мәселе мемлекет

саясатының ажырамас бөлігі ретінде біртұтас тіл саясатын жүзеге асырып, сондай-ақ биліктің, партиялар мен қоғамдық ұйымдардың мемлекеттік тілді дамытуға деген ниеті мен ықыласын аударуда болып отыр.

Елдің келешегі – білімді жастар. Қазақстанның жастары жан-жақта білім алып, Отанымызға оралып жатыр. Білімді жас – біріншіден, өз халқының тыныс-тіршілігінен хабары бар, тарихы мен дәстүрін білетін, еліне жанашыр бола алатын азамат. Бүгінгі білімді жас – ертеңгі билікті маман. Ал, білікті маман мемлекетіміздің, халықтың игілігіне қызмет етуі тиіс.

Қазіргі кезде мемлекеттік тілді білуге, қастерлеуге деген талап күннен-күнге жоғарылап келеді. Соның ішінде мемлекеттік қызметкерлер ана тілінде сөйлеп, ана тілінде сауатты жаза білуге, сөйтіп, өзге ұлт өкілдеріне үлгі-өнеге көрсетулері тиіс.

Ендіше, ана тіліміздің асылын ардақтап, оны бағалай білейік. Тіліміздің ертеңі де, бүгінгі де өз қолымызда екенін есте сақтайық, ағайын!

Айнұр Бөгенбай,

Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі.

Мектептен хабар

Балалар арасындағы байқау

Иісі қазақта «Кәсібін – нәсібін» деген тәмсіл бар. Мына фәнидің ащысы мен тұщысының дөмін татып, жер ортасы жасты алқымдаған алдыңғы буын, оңы мен солын ажыратып, жаңа-жаңа төлежіп келе жатқан жас өскінге: «Өмірде жар таңдаудан және мамандық таңдауда қателеспе» деп ақыл-кеңес береді. Мамандық таңдау

болып өтті. Б.Ынтықбаеваның ұйымдастыруымен өткен шараның мақсаты – оқушыларды ізденушілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Сондай-ақ, әр алуан мамандық түрлерін насихаттай отырып, мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру.

Байқауға аталмыш мектептің 8 «а», 8 «б», 9 «а», 9 «б»



деген өзін айналысқын келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзін араласқын келетін ортаны да таңдау деген сөз.

Ғасыр алмасып, заман ілгері жылжыған сайын, адам баласының қажеттіліктері артып, тиісінше түрлі мамандықтар пайда болуда.

«Сен де бір кірпіш дүниеге, келігін тап та бар қалам» – деп адамзаттың Абайы айтқандай, әрбір саналы азамат өзі өмір сүріп отырған қоғамның бір кірпіші болып қаланып, сол ортаның дамуына өзіндік үлесін қосуы тиіс. Ол үшін өркім тал бойындағы кез келген іске, кәсіпке деген қызығушылығы мен білігін арттыруы тиіс. Ал, 11 жылдық білім ордасын тәмамдап, үлкен өмірге қадам басқалы жатқан оқушыға мамандық таңдауда ұстаздардың тигізетін ықпалы орасан.

Қаңтардың 20-сы күні аудан орталығындағы К.Байсейітова атындағы білім ұясында «Кәсіп қорғау» байқауы

және 10-сынып оқушылары қатысты. Қатысушылар үш кезең бойынша бақ сынады. Атап айтсақ, бірінші кезеңде әр топ өз командаларын таныстыра отырып, өздері таңдаған мамандықты дәріптеп жарнамалады. Ал, екінші кезеңде таңдаған мамандықтарының күнделікті өмірін бейнелейтін көріністен үзінді келтірсе, үшінші кезеңде өн-жырдан шапу шашты.

Бас-аяғы бір сағатқа созылған сайысты оқушылардың өнерін жігі бақылап, әрбір артықшылық пен кемшін тұсты назарда ұстап отырған қазылар алқасы қорытындылады.

Байқауда өзгелерден оза шапқан «Эйр Астана» тобы бас жүлдені иемденді. Ал, «Қарулы күштер» командасы I орынға шықса, «Туризм» командасы мен «Ұстаздар – асыл жандар» тобы II орынды теңдей бөлді. Және «Жәрдем» командасы III орынды місе тұтты.

Е.Темірхан.

Сенім телефоны

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8(71037) 2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Еске алу



Тал бесік пен жер бесіктің арасы дұрыс пайымдай білген пенде үшін бір-ақ адым жер. Бабаларымыз мынау жалған өмірді қамшының сабымен өлшегені осыдан да болса керек. Адам фәниден бақиға өткенімен, ұрпағының жүрегінде, ағайыны мен айналасының көңілінде мәңгі өмір сүре бермек. Сондай жандардың

бірі Ақтоғай ауылының тұрғыны, аз ғана ғұмырында артына өшпес із қалдырған аяулы жан, ардақты құда-ғиымыз Сатанова Жарқын Молдашқызы еді. Біз үшін аса қымбатты жанның мезгілсіз өмірден өткеніне 40 күн толып отыр.

Жаны жайсаң, жүзінен мейірім шуағы әркез төгіліп тұратын марқұмның жатқан жері жайлы, жаны жөн-натта болып, нұры пейіште шалқысын. Өзі көрмеген шуақты күндері мен жасамаған жасын Алла балалары мен немере-жеңдеріне бұйыртысын. Жарқынның асыл бейнесі мен жайдарлы жүзі жүрегімізде мәңгілік сақталады.

Жан едің ғой қара жерге қимайтын,
Туған-туыс құрмет етіп сыйлайтын.
Жатқан орның төрі болып жұмақтың,
Алла берсін бар байлығын иманның.

Еске алушылар: Есенғай-Зәбира, Дәулет-Сәуле.

Еске алу

Ежелден дана халқымыз «Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы» деп тегін айтпаса керек. Күні кеше ғана көз алдымызда жүрген ұлағатты ұстазымыз, сынып жетекшіміз Сатанова Жарқын Молдашқызының бұл фәнимен қоштасқанына да 40 күн өтіпті.



Сынып жетекшіміз Жарқын мұғаліміміз әрқашанда жарқырап, жадьрап, әдемілігімен жан-жағына тек жақсылық нұрын төгіп, оқушыларының жүрегін орын алған ұстазымыз еді.

Ақжарқын, ақкөңіл, үлкен жүректі Жарқын мұғаліміміздің бейнесі есімізде мәңгілік сақталады. Ұстазымыздың асыл бейнесін сағына еске ала отырып, жаны жөннатта, топырағы торқа болып, қабірі нұрға толып, иманы серік болсын демекпіз.

Ұстазымыз жүрекерге гүл еккен,
Адалдықты көкіректе түлеткен.
Сіздің биік рухыңызға бас иіп,
Еске аламыз сағынышты жүректен.

Сағынышпен еске алушылар: Ә.Бөкейхан атындағы орта мектебінің 2007 жылғы түлектері.

Жарамсыз деп танылсын

Жидебай ауылдық округінің тұрғыны Игісін Қаһарман Есенгелдіұлының атына 2016 ж. Ә.Болғанбайұлы атындағы негізгі орта мектебінен берілген №1351934 санды негізгі орта білім туралы куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылады.

Құттықтаймыз!



Құрметті кластастарымыз, достарымыз **Жақсыбеков Сағат Ғинаятұлы, Әбдідин Ильяс Әбділдаұлы, Наурызбаев Қанат Сағатұлы, Қақбаева Ләззат Елегенқызы, Әбжанова Кәмел Әбжанқызы, Байқатов Қуат Тайкәнұлы, Көпбаева Нұрбала Серікқызы, Омарханова Мейрамгүл Сағындыққызы, Далихан Тұрсынқызы!**

Сіздерді асқаралы 60 жасқа толған мерейтойларыңызбен құттықтаймыз! Мерейжаста сіздерге зор денсаулық, мол қуаныш, отбасылық бақыт, еңбекте жеміс, ордалы шаңырақтарыңыздың берекесі, шуағы, қуаты болыңыздар. Құлын-тайдай бірге тебісіп өскен кластастарымыз, бүгінде ақсақалдық абыз жасқа, ақ жаулықты әжелік күнге сәнді де мәнді ғұмырмен жетулеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Ұлағатты ұрпақ, намысты немере тәрбиелеп отырсыздар, енді шөберенің қолынан май жалап, ғасырлық тойымызда да ортамыз ортаймай, амандықта болайық!

Бала шақтан кеудемізде таласты үміт, Жадьмызда жатталып бала қылық, Жарастықпен келеміз алға тартып, Бақытымызды сөнімен жалғастырып. Той тойлаған жақсы ғой жанұямен, Құрдастармен, достармен, қариямен. Жүз жасайық қажымастан, талмастан, Алға тартып, өмір-кеме дариямен.

Ақ тілектермен: 1980 жылы мектепті бірге тәмамдаған кластастар, құрдастар.

Құттықтаймыз!

Сарытерек ауылының тұрғыны, қадірлі құдағиымыз **Ахметжанова Клара Сәкібайқызы** 5 ақпанда асқаралы 60 жасқа толғалы отыр. Бүгінде қызын қияға, ұлдарын ұяға қондырып, немерелерінің сүйікті әжесі болып отырған асыл жанды мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!



Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елулі саналса керек. Міне, отбасыңыздың ортасында аман-есен алтыншы асқардың шыңына қол созып отырсыз. Сізді мерейтойыңызбен құттықтай отырып, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат, өмірдің барлық жақсылығын тілейміз. Әрдайым шаңырақтарыңызға шаттық ұялап, босағаларыңыздан береке кетпесін. Құдамыз Базкен екеуіңіз ағайын-туыстың құрметіне, немерелердің қызығына бөленіп, әлі де талай белестерді табандылықпен бағындыра беріңіздер деген ізгі тілегімізді білдіреміз.

Ақтара алсақ ақ тілектің сандығын,
Шаттық ойнап атсыншы апақ таң бүгін.
Құтты болсын келген туған күніңіз,
Тілейміз біз жан мен төнің саулығын.
Өткен шақтан қалды сізге бүгін із,
Сәтті күндер болсын әрбір күніңіз.
Балалардың қызықтарын қызықтап,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

Құттықтаушы: құда-құдағиларыңыз – Серікбол-Әлия, Ерменбет-Нұрбақыт.

Қуан, ағайын!

Аудан абыройы асқақтады

Сөз ауаны спортқа қарай ойысса, еліміз қасқайып тұрып күні бүгінге дейін қол жеткізген жетістіктерін жіпке тізгендей айтып бере алады. Спорт саласы өзге саламен салыстырғанда көштің алдыңғы қатарында тұр. Оған Үкіметтің тигізген пайдасы орасан. Салауатты өмір салтын дәріптеп, спорттың бұқаралығын арттыруды екі тізгін, бір шылбырды ұстаған тұлғалар назардан тыс қалдырған емес.

Біздің ауданда да спорттың тынысы ашылып, қарашаның салауатты өмір қағида-тына деген жаңаша көзқарасы қалыптасты. Спорт үйірмелерінің саны артып, оған қызығушылық танытатын жастар көбейді. Соған сәйкес нәтиже де жаман емес. Сабақтан тыс санаулы уақытының бір парасын спортқа арнап жүрген жас өрендер дәйім тұғырлы орындардан көрініп жүр.

Сүйіншілеген жаңалықты біз де сәт сайын газет бетінде жариялап келеміз.

Жуырда аудан спортының абыройы

өкілдері қатысты. Жыл қорытындысы бойынша «Ұлттық спорттың бір түрі көкпарды ерекше дамытып, жаңа деңгейге көтергені үшін және



асқақтады. Қарағанды облысының ұлттық спорт түрлері қауымдастығының ұйымдастыруымен 2022 жылдың «Үздіктерді марапаттау» рәсімі болып өтті. Аталмыш шараға аймағымызға қарасты аудандардан барған ұлттық спорт

Қарағанды облысының чемпионатында жоғары дәрежеде өнер көрсеткені үшін» ауданымыздың көкпар құрамасы және Е.Қаржаубай «Үздік спортшы» аталымы бойынша марапатталды.

Е.АЙТЖАН.

Мереке шуағы

Татулықты ту еткен іс-шара



Қазақстан – құшағы ыстық, құлапы кең, байтақ өлке. Алтай мен Атыраудың арасындағы ұланғайыр қазақ даласы 130-дан астам ұлтқа ұя болған қасиетті мекен. Тағдырдың жазуымен Қазақстанға қоныс аударған әртүрлі ұлт өкілдері бір атаның баласындай, тату-тәтті ғұмыр кешуде. Оны көзімізбен көріп, құлағымызбен естіп те жүрміз.

Сөзімізді қуаттау үшін айта кетейік, қаңтардың 29-ы күні Шашубай кентінде Мәдениет үйінің қызметкерлерінің ұйытқы болуымен «Зимушка-зима» атты тұрғындар арасында байқау болып өтті. Шараға шашубайлықтар белсене қатысты. Байқау барысында славян өндерін шырқау, балалар арасында шанамен және қашпен

жарыс ұйымдастырылып, түрлі жұмбақтар жасырылды. Жарыс барысында ерекше атсалысып, көзге түскен қатысушыларға арнайы сыйлықтар үлестірілді. Бұл байқау жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп келеді.

Іс-шарада «Славянка» ән-би тобы өнер көрсетті. Алды сексенді еңсерген Маргарита және 72 жастағы Лилия, 68-ді алқымдаған Любовь апалар бастаған аталмыш ұжым, талай жылдан бері тұрғындарға өз өнерлерін паш етіп келеді. Шашубай Мәдениет үйінің жетекшісі Б.Садуақасова жоғарыда аталған ән-би тобын қазақша өнге баулып жатыр.

**Б.Ербекеева,
Шашубай қонысы.**

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: "Ақтоғай ажары" газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1020 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81,

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

